

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы негізгі трансшекаралық өзендердің шекаралық гидробекеттерінің гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттарымен (мәліметтермен) өзара алмасу жөніндегі Келісім

Келісім, Пекин қ., 2006 жылғы 20 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы негізгі трансшекаралық өзендердің шекаралық гидробекеттерінің гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттарымен (мәліметтермен) өзара алмасу жөніндегі
КЕЛІСІМ <*>

(2006 жылғы 20 желтоқсанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2007 ж., N 1, 8-күжат)

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі Тараптар деп аталаудын),

2001 жылғы 12 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім рухын басшылықта ала отырып,

трансшекаралық өзендерді бірігіп пайдалану және қорғау үшін гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттармен өзара алмасудың маңыздылығын ескере отырып,

Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы қазіргі достық қарым-қатынас және дәстүрлі ынтымақтастықты күшейтуге дайындықты білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Достық ынтымақтастық, өзара тиімділік, өзара сенімділік және теңдік негізінде Тараптар негізгі трансшекаралық өзендердің гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттарымен өзара толық құқылы алмасуға келісті.

2-бап

Осы келісімде келесі түсініктер пайдаланылады:

1. "Гидрологиялық ақпарат" - келісілген көрсеткіштер бойынша трансшекаралық өзендердің сулық және физикалық сипаттамасы бойынша жүйелі бақылаулар нәтижесі.

2. "Гидрохимиялық ақпарат" - келісілген ингредиенттер бойынша трансшекаралық өзендері суының сапалық сипаттамасы бойынша жүйелі бақылаулар нәтижесі.

3-бап

Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай Біріккен комиссиясы, атқарушы органдармен орындалатын, негізгі трансшекаралық өзендер бойынша ақпараттармен алмасудың тиісті нақты Тәртібін құруға, Біріккен комиссия бекіткеннен кейін, сарапшылардың жұмыс тобын өкілетті етеді. Тәртіп өз ішінен трансшекаралық өзендердің, гидробекеттердің, бақылау тұстамаларының тізімін, ақпаратпен алмасудың техникалық нақтылығын, мәліметтермен алмасудың әдісін, уақытын және өзге де тармақтарды қосады.

4-бап

Қазақстандық Тараптан атқарушы орган: Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазгидромет" РМК.

Қытай Тарапынан атқарушы орган: Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігінің Гидрология бюросы.

Тараптар дипломатиялық каналдар арқылы атқарушы органдардың аталуын өзгерту және оларды қайта тағайындау жөнінде хабардар етеді.

5-бап

Тараптар осы Келісімді жүзеге асырумен байланысты тиісті шығындарды жеке атқарады.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде таластар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар кеңестер және келіссөздер жолымен шешетін болады.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша, осы Келісімге Тараптармен айқындалған, хаттамалар немесе өзге құжаттар түрінде ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, және ол осы Келісімнің бөлінбес бөлігі болып табылады.

8-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісім 2001 жылғы 12 қыркүйекте қол қойылған, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін өз күшінде қалаады.

Осы Келісім 2006 жылдың 20 желтоқсанында қол қойылды, екі дана, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде, барлық мәтіннің бірдей күші бар.
(Көлдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК